

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ МЕН ҒАЛТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

ХАБАРЛАРЫ ИЗВЕСТИЯ

МИНИСТЕРСТВА ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН, НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Серия
ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

3.2004



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

ХАБАРЛАРЫ ИЗВЕСТИЯ

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ТІЛ, ӘДЕБИЕТ СЕРИЯСЫ

СЕРИЯ ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

3 (145)

МАМЫР – МАУСЫМ 2004

МАЙ – ИЮНЬ 2004

1974 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАРДАН БЕРІ ШЫҒАДЫ

БІР ЖЫЛДА 6 РЕТ ЖАРЫҚ КӨРЕДІ

ИЗДАЕТСЯ С ЯНВАРЯ 1974 ГОДА

ВЫХОДИТ 6 РАЗ В ГОД

АЛМАТЫ

“ҒЫЛЫМ” ҒЫЛЫМИ БАСПА ОРТАЛЫҒЫ

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНАСЫ

Т. Ж. МЫҚТЫБАЕВА

ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ АНИМАЛИСТІК ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР

Қазіргі таңда тіл білімінде тілдік құбылыстарды олардың жүйелік байланысы тұрғысынан зерттеу кең қолдау тауып отыр. Қазақ және шетел тіл білімінде тілдердің лексика-фразеологиялық жүйесін тақырыптық топтарға бөліп қарастыру әдісі кең көлемде жүргізіліп, өз нәтижелерін беруде. Фразеология саласында мұндай бағыт фразеологизмдерді фразеотақырыптық өріс мүшесі ретінде сипаттайды.

Осы бағыттағы зерттеулер аталмыш тілдерде, негізінен, екі түрлі жолмен жүргізіледі. Біріншіден, кәсіптік терминология негізінде қалыптасқан фразеологизмдер, мысалы, әскери (Каплуненко, 1979), спорттық (Швайко, 1983), теңіз шаруашылығы (Пастушенко, 1982; Chase 1980), саяси (Шувалова, 1978) және т. б. терминологиялық атауларға байланысты фразеологизмдер талданған. Екінші ағым бойынша, кәсіптік емес тақырыптық топтарға жататын фразеологизмдер, мысалы, соматикалық фразеологиялық бірліктер (Скнар, 1978; Турапина, 1987; Федуленкова, 1983), құрамында жалқы есім (Манушкина, 1973; Ефимова, 1979), ауа райы құбылыстары (Смирнова, 1980), фауна және флора атаулары (Молчанова, 1980; Орлова, 1983; Романова, 1987; Русецкая, 1977) кездесетін фразеологизмдер қарастырылған.

Салыстыра, салғастыра зерттеуді қажет ететін аса маңызды тақырыптық топтардың бірі – жан-жануарлар атаулары және осы атаулар негізінде жасалған фразеологизмдер.

Жан-жануарларға байланысты фразеологиялық орамдар, мақал-мәтелдер, теңеу сипатындағы сөз үлгілері, табу мен эвфемизмдер секілді тілдік бірліктер бүкіл адамзат тарихының бастауында орын алған аңшылық, малшылық, балық аулау кәсіптерімен байланысты дамып қалыптасқан. Зерттеу барысында үй жануарлары мен жабайы аң-құстар атауларының халықтың ауызекі тілінде, ауызша, жазбаша әдеби тілінде абстрактілі ұғымдар мен көңіл-күй сезімдерін бейнелі түрде сипаттауда кеңінен қолданылатындығы байқалды. Мысалы, ағылшын тілінде фауналық атаулар және АФ-тер зоомифтерде, англосаксондық эпостарда, діни кітаптарда, ортағасырлық бестиярийлерде, геральдикада, ертегі-мысалдар мен балалар фольклорында молынан кездеседі. Сондай-ақ тіл ғылымының ежелгі тарихына жүгінсек, XI ғасырда өмір сүрген көрнекті түркітанушы, этнограф, тарихшы ғалым Махмұд Қашғари сөздігінде төрт түлік малға, оның түр-түсі мен ен-таңбаларына, ер-тұрмандарына, т. б. байланысты бірсыпыра атаулар мен тіркестер, мақал-мәтелдер келтірілген.

Жалпы алғанда, тіл білімінде жан-жануарлар лексикасы диалектология, топонимика, антропонимика, этимология, семантика, терминология тұрғысынан қарастырылып келді. Мысалы, славян тіліндегі жан-жануарлар атауларының шығу төркінін зерттеуге арналған О. И. Трубачев, Б. Н. Проценко еңбектерін, А. М. Щербактың “Названия домашних и диких животных в тюркских языках” атты зерттеуін, Д. С. Сетаровтың “Тюркизмы в русских названиях животного мира” деген ғылыми жұмысын атауға болады. А. С. Войтик үш тілдегі (қазақ, орыс, ағылшын) жан-жануарлар атауларының мағыналық құрылымын салғастырып, осы семантикалық топқа жататын бірдей ұғымның әртіптес тілдердегі берілу жолдарын ашқан. З. А. Ахметов қазақ поэзия тіліндегі жан-жануарлар атауының метафоралық қолданысын, А. Е. Бельдиян орыс және қазақ тілдеріндегі жан-жануарлар атауларының бағалауыштық қызметін қарастырған. С. -Г. И. Росинене еңбегі литва тіліндегі жан-жануарлар лексикасының адамды сипаттау мақсатындағы қолданысын талдауға арналған. Түрікмен тіліндегі зоолексема П. Ашировтың, ал өзбек тіліндегі құс атауларының қалыптасуындағы халықтық этимологияның рөлі М. М. Финатуллин мен Д. Х. Ба-

зарованың еңбектерінде қарастырылады. Қазақ тіліндегі жан-жануарлар атауларына қатысты табу мен эвфемизмдерге ғалым Ә. Ахметов өзінің зерттеу жұмысында арнайы тоқталады.

Сондай-ақ, жануарлардың терминологиялық атауларына (Ш. Жанәбілов, Ә. Жакышов, П. С. Сафаров, О. Токхожаева), түр-түс атауларына (К. Л. Федорова), жануарлар атауларының мотивациясына (М. М. Копыленко, М. Финатуллин), семантикалық ерекшеліктеріне (И. Ю. Лебедева) арналған біраз еңбектерді атауға болады.

Жан-жануарлар атауларының бейнелі қолданысының кейбір аспектілері В. В. Виноградов, И. Д. Арутюнов, Ю. Д. Апресян, В. Н. Телия, В. А. Маслова, А. С. Аманжолов, Ә. Т. Қайдар, Р. Сыздық, Т. Д. Жанұзақов т. б. сынды белгілі ғалымдардың еңбектерінде сөз етіледі. Жан-жануарлар атауларының әр түрлі метафоралық қолданысын салыстыра, салғастыра зерттеуге арналған Е. А. Гутман, Ф. А. Литвина, М. И. Черемисина, О. А. Рьжжина, К. М. Гюлюмянц, Р. М. Гайсина, С. К. Сансызбаева еңбектерін де атап өткеніміз жөн.

Қазақ тіліндегі жан-жануарлар атауларына байланысты алғашқы зерттеу жұмыстары өткен ғасырдың 50-жылдарынан басталғанымен, түбегейлі, ғылыми тұрғыдан жан-жақты қарастырған жұмыстар жоқтың қасы, соңғы жылдары ғана осы тақырыпқа арналған ғылыми еңбектер қатары жаңа ізденістермен толыға түсуде. Сондай-ақ, жануарлар атауларына байланысты лексика ғана емес, сонымен бірге, фразеология саласы да ғалымдардың назарынан тыс қалмаған.

Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестерді ой елегінен өткізер болсақ, олардың басым көпшілігі жан-жануарлар атауларының негізінде қалыптасқан деп түюге болады, оның себебі де көпшілікке мәлім. Мысалы, белгілі ғалым, көрнекті тіл маманы Т. Қоңыровтың “Қазақ тілінің тұрақты теңеулері сөздігі” атты еңбегінде жан-жануарлар атауларымен байланысты теңеудің саны 1300 (25 %), ал тірек мүшесі жан-жануарлар атауы болып келетін теңеулік тіркестер саны – 449. Оның ішінде М. М. Копыленко деректері бойынша (22,35), бірінші орынды жылқы – 103 (22,9 %), одан кейін қой – 93 (20,7 %), түйе – 72 (16 %), ит – 70 (15,6 %), сиыр – 56 (12,5 %), ешкі – 24 (5,3 %), т. б. алады екен [1;35]. Алайда, бұл тек қазақ немесе түркі тілдеріне ғана емес, дүние жүзі тілдерінің көпшілігіне тән құбылыс. Неміс фразеологы, ғалым Р. М. Вайнтрубтың: “... фразеология, включающая в себя название фауны, составляет во фразеологическом составе любого языка значительный пласт” [2, 21] деген және ағылшын фразеологизмдерін шығу төркіні тұрғысынан саралай талдаған Логан П. Смиттің “английская идиоматика включает в себя немало выражений, связанных с домашними и дикими животными” [3; 59] тәрізді тұжырымдары жоғарыда айтылған болжамға дәлел болады. Ғалым С. Скорупка әр түрлі тілдердегі типтес, өрістес фразеологизмдердің қалыптасуындағы семасиологиялық заңдылықтың төркінін адамдардың физиология-психологиялық ерекшеліктерінің ортақтығымен, даму жағдайларының біркелкілігімен, қоршаған ортадағы табиғат құбылыстары мен жан-жануарлардың сыртқы пішініне, мінез-құлқына қатысты ұқсас пайымдауларымен байланыстырады [4].

Сондықтан да болар, тірек мүшесі жануарлар атауы болып келетін фразеологизмдер тобы көптеген тілдерде, атап айтқанда, молдаван, неміс, украин, ағылшын, қазақ, т. б. тілдерінде әр түрлі аспектілер тұрғысынан қарастырылған.

Енді зерттеу нысанына тікелей қатысы бар төмендегі жұмыстарға қысқаша тоқталып, сипаттама бере кетейік. Ғалым Ч. А. Бурбуля өзінің зерттеуінде молдаван тіліндегі жануарлар атауларына байланысты пайда болған фразеологизмдердің шығу төркіні мен олардың тілдегі алатын орнын, ауқымын, кездесу жиілігін анықтайды. Украин тіліндегі жан-жануарлар атауларының тілдің лексика-фразеологиялық жүйесіндегі орнын, тілдік бірліктердің құрылымдық ерекшеліктерін анықтауға арналған А. Н. Богуцкая еңбегінің де өзіндік орны бар. Осы бағыттағы іргелі зерттеулердің қатарына А. В. Парий, А. Ф. Журавлев, А. В. Буробин сынды ғалымдардың еңбектерін жатқызуға болады. А. В. Парий неміс тіліндегі аталмыш фразеологизмдер тобын зерттей келе, коннотативті белгілердің ассоциативті табиғатын, олардың фразеологиялық мағына тудырудағы рөлін айқындайды [5]. Ғалым А. Ф. Журавлевтің ғылыми зерттеуі шығыс славян тілдеріндегі жануарлар атауларына байланысты лексикалық элементтер мен фразеологияны этнолингвистикалық тұрғыдан талдауға арналса, А. В. Буробиннің диссертациялық жұмысында орыс тілі анималистік фразеологиясының ұлттық-мәдени ерекшеліктеріне жалпы сипаттама берілген.

Салыстырмалы түрде алғанда, орыс тіліндегі зоофразеологизмдер әр түрлі аспектіде жан-жақты қарастырылған. Атап айтқанда, орыстың әдеби тіліндегі осы фразеологиялық бірліктер (әрі қарай қысқаша – ФБ түрінде беріледі) тобын Е. Р. Малафеева, “жануарлар атауы” лексика-семантикалық тобының тіркесу қабілетін Н. Ф. Зайченко, лингвоелтану тұрғысынан М. Горо, құс атаулары негізінде қалыптасқан ФБ-тердің лексикалық варианттылығы мен синонимиясын Ф. Н. Фахрутдинова өзінің зерттеу тақырыбы еткен. Ал Н. В. Бирюкова анималистік фразеологияның мағыналық тұрғыдан қалыптасуындағы тілдік зоосимволдың алар орнының ерекше екенін дәлелдейді [6].

Екі немесе бірнеше тілдегі бірліктерді салыстыруға арналған зерттеу жұмыстарының фразеология саласына қосар өзіндік үлестері бар. Салыстыра-салғастыра зерттеудің нәтижесінде көптеген теориялық, практикалық маңызы бар күрделі мәселелердің күнгірт тұстары айқындалуы мүмкін. Мысалы, зоофразеологизмдер Р. М. Алғымбаеваның (орыс, қазақ, француз тілдері), З. В. Белкинаның (орыс, неміс), Д. М. Марданованың (ағылшын, түрік), К. М. Гюлумянц пен Е. Гурбиштің (орыс, поляк) және О. Б. Абакумованың (орыс, ағылшын тілдері) еңбектерінде жан-жақты талданып, көптеген универсалды құбылыстар мен заңдылықтар, тілдік ерекшеліктер анықталған.

Ағылшын тіліндегі зерттеулерге тоқталар болсақ, А. Д. Молчанова өз еңбегінде жан-жануарлар атаулары мен олардың қатысуымен жасалған ФБ-тердің ауыспалы-бейнелі мағынасының қалыптасу жолдарын сөз етеді. Н. Д. Петрованың диссертациялық зерттеуінде ағылшын тіліндегі ең дамыған тақырыптық топтардың бірі ретіндегі зоосемизмдер (автордың ұстанған ғылыми атауы) фразео-тақырыптық өрісіне жеке талдау жасалып, осы

өрістің негізі мен қосалқы мүшелері, сонымен қатар, олардың өрісішілік және басқа фразео-тақырыптық өріс бірліктерімен өрісаралық байланыстары, өріс мүшелерінің құрылымдық, семантикалық күрделілігі анықталған. Келесі ізденуші Г. С. Григорьева ағылшын тіліндегі зоонимді ФБ-терді номинация тақырыптық тұрғысынан қарастырса, В. В. Тимофеевна зерттеуі ағылшын тілінің американдық вариантындағы зоосемалық фразеологияның семантикалық және коммуникативті-функционалдық ерекшеліктерін ашуға арналған [7].

Қазақ тілінде де бұл мәселе диссертациялық жұмыста және бірқатар мақала жүзінде қарастырылған. Әсіресе, неміс және қазақ тілдеріндегі құрамында жан-жануарлар атаулары бар фразеологизмдердің құрылымдық және мағыналық жүйелерін талдап, оларды бір-бірімен салғастыра зерттеуге арналған Р. Смағұлова еңбегінің салғастырмалы тіл біліміндегі орны айрықша [8]. Алайда, аталмыш зерттеу нысанының тілдік табиғаты толығымен айқындалды деп айту, әрине, артық. Ал, осы мәселеге қатысты салыстырмалы-салғастырмалы зерттеулердің қай тұрғыдан алғанда да, фразеология саласына қосары мол болар деп ойлаймыз.

Жан-жануарлар атаулары мен олардың негізінде қалыптасқан бейнелі тұрақты тіркестер тіл білімінде “зоосемизм”, “зоосемалық фразеология”, “анималистік лексика (фразеология”, “животноводческая/скотоводческая лексика) фразеология”, “фауналық атаулар”, “зоофразеологизм”, “фразеозоонимдік бірліктер”, “зоонимді/анималды ФБ-тер”, “фразеологиялық зоонимдер”, “жан-жануарлар атауларына байланысты фразеология” тәрізді алуан түрлі терминдермен берілген. Терминнің ала-құлалығының өзі зерттеу жұмысының әлі де болса жалғасарын, көмескі тұстарының әлі де баршылық екенін көрсетеді.

Жалпы, жан-жануарлар атауы деген ұғымның өзі қазақ тілінде бірнеше жолдармен беріледі. О. Тоқхожаеваның айтуынша: “... ауызекі сөйлеу тілінде, көркем әдебиетте күні бүгінде қолданылып жүрген жабайы жануарлардың жалпы атауы – *аң*; үй жануарларының жалпы атауы – *жануар*, *хайуан* (*үй жануарлары*, *үй хайуандары* деген тіркес ұғымдар осыдан пайда болған); насекомдардың, бауырымен жорғалаушылардың, қосмекенділердің жалпы атауы – *құрт-құмырсқа*, *бақа-шаян*; жабайы жануарларды атауда *тағы* (*тұз тағысы*, *тау тағысы* т. б.) сөздері қолданылады” [9,19].

Аталмыш бағыттағы зерттеу жұмыстарында “зооним” термині жиірек қолданылады. Бұл термин батыста (“*zoonime*”, “*zoonut*”, т. б.) “мысық”, “тышқан”, т. б. секілді жан-жануарлардың жалпы есімдерін білдіргенімен, орыс тіл біліміндегі ономастикалық дәстүр бойынша “зооним” термині “жан-жануарлардың жалқы есімдері” мағынасында қолданылады. Мысалы, ономаст ғалым Н. В. Подольскаяның пайымдауынша, бұл термин жануарларға қойылатын ат “кличка” деген ұғымды білдіреді [10]. Зоонимия – зоонимдер, яғни жануарлар кличкаларының жиынтығы, ал зоонимдерді зерттейтін ғылым – зоонимика деп аталады. Сондықтан, бұл термин жан-жануарлар атауының бейнелі қолданысын белгілеуде жарамсыздық танытады. Дегенмен, “зоонимия (зоосемия) – тақырыптық/мағыналық жағынан жануарлар дүниесі жайлы ұғыммен байланысты келетін сөздер тобы” дейтін пікірді де ескермеске болмайды [11,46]. Тіл білімінде қалыптасқан

осы түсінік бойынша, зоонимия зоология, аңшылық, малшылық, балық аулау, мал дәрігерлік салаларына қатысты терминологияны, жан-жануарларға байланысты мифологиялық, діни таным-түсініктер мен тотемизмді және осылардан келіп шығатын табу мен эвфемизмдерді және т. б. да қамтиды.

Кейбір ғалымдар жануарлар атауы лексика-семантикалық тобына жататын бірліктерді тура мағынада – зоонимдер, ал ауыс мағынада – зооморфизмдер деп атайтын Ф. А. Литвиннің [12] терминологиясын пайдаланады.

Біздің ойымызша, “зоо-“, “фауна” терминдерін тіл білімінен гөрі, биология, география ғылымдары шеңберінде қолданған тиімдірек тәрізді. Ал, “животноводческая”, “скотоводческая” деп келетін атаулар, бір жағынан, көбіне мал шаруашылығына, аңшылыққа байланысты терминдік ұғымдарды білдіруде қолданылып келсе, екіншіден, ауызекі тілде, кейде орыс тіліндегі “животное”, “скот/скотина” сөздерінің коннотациясына байланысты жағымсыз ассоциация тудыруы мүмкін. “Жан-жануарлар атауларына байланысты фразеологизмдер” дейтін тірек атауды кейбір ғалымдар ықшам емес, көп сөзді деп табуы мүмкін. Және де, бұлай дейтін болсақ, біз тірек мүшесі ретінде құрамында жан-жануарлар атаулары бар, мысалы, қазақ тілінде *ит ырғын болды* – мол олжаға кенелді, ағылшын тілінде *every dog has his day* (сөзбе-сөз аудармасын: әр иттің өз күні бар) – дүние кезек, әркімнің жарыққа шығар кезі бар (*менің де қолыма қарға тышар дегенге ұқсас*) деген секілді ФБ-терді ғана емес, қазақ тілінде *ақ қаптал болды, кезегесі кейін тартып* т. б., ағылшын тілінде *never scackle till your egg is laid* (сөзбе-сөз аудармасы (:жұмыртқаң салынбай жатып, қытқылықтама) – істің ақырына жетпей, ерте қуанба, (асатпай жатып, құлдық деме), *to bury one's head in the sand* (с. с. а. :басын құм ішіне жасыру) – жауапкершіліктен, қиындықтан қашу, *hatches, catches, matches and dispatches* (с. с. а. : балапан басып шығару, қолға түсіру, сыңарын табу және аттанып кету) – туылу, айттырылу, үйлену және өлім жайлы газеттегі хабарландырулар, т. б. сияқты фразеологизмдерді де қамтуға тура келеді, өйткені, бұлар да жан-жануарларға (олардың іс-әрекетіне, тіршілігіне т.б.) байланысты шыққан тізбектер.

Осы айтылғандарды түйіндей келе, әрі зерттеу нысанын ескере отырып (ағылшын және қазақ тілдерін салғастыру), құрамында ұйытқы сөз ретінде жан-жануарлар атаулары кездесетін ФБ-терді “анималистік фразеологизмдер” – қысқаша АФ деп атағанды жөн көрдік. Әрине, тіл ғылымында қалыптасқан үрдіс бойынша “зоофразеологизм”, “зообейне”, “зоосемалық фразеология” тәрізді қолданыста бар, көпшілікке танымал терминдер де ауыс-түйіс қолданылып отырады.

Жануарлар атауларының ауыс мағынада келіп, өзіне тән емес ұғымдарда қолданылуын адамзат баласының тұрмыс-тіршілігінің ұзақ уақыт бойы жануарлар әлемімен тығыз байланыста болып келуімен түсіндіруге болады. Ал дүниедегі алуан түрлі құбылыстар жөніндегі түсінігін халық қоршаған ортадағы өзіне етене жақын, ертеден танымал ұқсас бейнелер арқылы білдіретіні мәлім. Ассоциативті ойлау тұрғысынан бұл құбылысты белгілі фразеолог ғалым В. Н. Телия былайша түсіндіреді: “... ассоциа-

ции как основной двигатель механизмов мышления участвуют в сотворении новых понятий и языковых единиц, поскольку они связывают уже имеющиеся представления о внеязыковых сущностях с теми их свойствами, которые всплывают в сознании в том или ином ракурсе их отображения” [13,94]. Тілдегі қандай да бір сөздің мағынасында таным объектісі болып отырған болмыстың (кұбылыстың ерекше сипатын білдіретін элементтер қаншалықты басым болса, сол болмысты) құбылысты осы сөздің көмегімен бейнелеу мүмкіндігі соншалықты арта түспек.

Алайда, барлық лексикалық бірліктер фразеологизм жасауда бірдей дәрежеде қолданылмайды. Қандай да бір сөздің ФБ-тің тірек мүшесі ретіндегі қолданылу жиілігі немесе оның осы қызметтегі ролінің шектеулілігі белгілі бір тілдік заңдылыққа байланысты. Зоосемизмдер жағдайында бұл заңдылықты Н. Д. Петрова: а) шығу төркінінің көнелігімен; ә) буындық және морфологиялық құрылымының қарапайымдылығымен; б) тілде қолдану жиілігімен сабақтастырады [7;6].

Қандай да бір сөзде жоғарыда аталған белгілер неғұрлым толығырақ кездессе, сөздің фразажасам белсенділігі соғұрлым жоғары болады және керісінше деп түйеді. Жан-жануарлар атауларының тілдің ең көне қабатына жататындығын, лексика-семантикалық жүйедегі орнын, басқа сөздермен тіркесімділігін негіздей келе: “чем древнее слово, тем больше оно обрастает значениями, тем больше наращивает связи с другими словами” деген орынды пайымдауын ұсынады [7,5].

АФ-тердің лексикалық құрамын талдау барысында, фразеологизм жасауда ең өнімді деген, белсенділігі жоғары жан-жануарлар атауларының тілдің негізгі сөздік қорына жататындығы анықталды. Сонымен бірге, сөздің фразажасам белсенділігін анықтауда оның фонеморфологиялық табиғатының (буындық/дыбыстық құрамы, буындар саны) да әсері мол. Бір немесе екі буындық құрылым сөздің фразеологизм құрамында жиірек кездесуіне септігін тигізеді, ал көпбуындық құрылым бұл мүмкіндікті шектейді. Ағылшын және қазақ тіліндегі АФ-тер құрамында көп жағдайларда ағылшын тілінде *dog, horse, cat, ass, pig*, т. с. с., қазақ тілінде *ат, қой, түйе, ит*, т. с. с. сөздер жиірек кездесетіні анықталды.

Анималистік атаулардың фразажасам белсенділігі жоғарыда келтірілген тілішілік факторлармен ғана емес, сонымен бірге тілден тыс жатқан себептермен де сабақтасып жатыр. Зоосемизмдердің фразеологизм жасаудағы белсенділігі, біріншіден, адамзат пен жан-жануарлар тіршілігіндегі, психо-физиологиялық ерекшеліктеріндегі ортақ бейнелік-фондық негізден және екіншіден, олардың семантикасындағы бағалаушы, сипаттаушы, бейнелеуші элементтердің, басқа лексемалармен салыстырғанда басым келуінен туындайды деп ойлаймыз.

Әр халықтың дүниені бейнелі қабылдауының түп негізінде қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды сол халықтың тұрмыс-жағдайына, тіршілік-тынысына, салт-дәстүрі мен мәдени өміріне тікелей қатынасы бар заттармен салыстыру әрекеті жатыр. Мысалы, ғасырлар бойы тіршілік көзі төрт түлік мал болып келген қазақ халқының фразеологиялық қорының ауқымды бөлігі жылқы, қой, түйе малымен байланысты келеді. Тілдердегі АФ-тер құрамындағы ұйытқы сөз ретіндегі жан-жануарлар атауларының

әр түрлі сандық көрсеткішін Л. С. Войтик мынадай экстралингвистикалық жағдайлармен түсіндіреді:

- 1) ел территориясында тіршілік ететін жануарлар әлемінің ерекшелігі;
- 2) жануарлардың халық тіршілігінде, шаруашылығында алатын орны;
- 3) қоршаған ортада жануарлардың кездесу жиілігі [14;16].

Демек, жан-жануарларға байланысты тұрақты тіркестер халықтың әлеуметтік жағдайынан, тұрмыс-тіршілігі мен қоршаған ортасынан хабардар етеді. Осы орайда ғалым С. К. Сәтенованың: "... сан мыңдаған фразеологизмдерді жан-жақты зерттей, тақырыптық, мағыналық топтарға жіктеу арқылы ғана халықтың тіл байлығын, өмір-тарихын, кәсібі (белгілі бір кәсіппен қаншалықты айналысқанын) мен тұрмыс-тіршілігін анықтауға болады. Осы жүйеде топтастырудың нәтижесінде әдет-ғұрып, салт-дәстүр түрлерін, діни наным-сенімдік көзқарастарын, тарихи оқиғалардың сарынын, ұлттық ерекшеліктер мен игі қасиеттер белгісін байқауға болады. Бұл – тарихтың сара жолдарын, сан қилы замана өткелдерін, этностың өзіне ғана тән ұлттық ерекшеліктерін тілде сақтау арқылы болашаққа жол салу, келешек ұрпаққа бағыт-бағдар беру деген сөз" деген орынды пікірін келтірген жөн [15,108].

Фразеологизмдерді мағыналық-тақырыптық топтарға бөліп, өзара жіктеп, саралап барып зерттеу этнолингвистика үшін де маңызды. Себебі, олай болмаған жағдайда, әр қилы ұғымға байланысты өмірдің әр түрлі саласында қайталанып, әр қырынан көрінетін сөз бен сөз тіркесінің тілдегі орны мен қолданыс аясы, мән-мағынасы толық ашылмайды. Сондықтан да болар, академик Ә. Т. Қайдаров этнолингвистикалық зерттеулерінде тіл байлығын макрожүйелер мен микрожүйелерге бөліп алып, оларды табиғи жүйе бойынша жіктеп, топтастыра, өзара байланысты салаларға бөліп қарастырады. Тілдер фразеологиясын осы бағытта салыстыра-салғастыра зерттеу – олардың фразеологиялық жүйесіндегі ұқсастық, айырмашылықтар заңдылығын анықтауға, тіл табиғатындағы ұлттық ерекшеліктерді тереңірек түсінуге зор мүмкіндіктер береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Копыленко М. М.* Основы этнолингвистики. Алматы, 1995. 178 -б.
2. *Вайнтруб Р. М.* Опыт сопоставления соматической фразеологии в славянских языках // Вопросы фразеологии. Самарканд, 1975. 159 б.
3. *Смит Л. П.* Фразеология английского языка. М., 1959. 50-59-бб.
4. *Скорупка С.* Славянская фразеология. М., 1958. 3-т. 125 -б.
5. *Бурбуля Ч. А.* Процесс образования фразеологических единиц молдавского языка, включающих названия фауны: Автореф. дисс. к. филол. н. Ростов, 1981. 21-б.; *Богущая А. И.* Наименование фауны в лексико-фразеологических единицах украинского языка (наименование птиц): Автореф. дисс. к. филол. н. Ужгород, 1985. 21-б.; *Парий А. В.* ФЕ с анимальным компонентом в современном немецком языке: Автореф. дисс. к. филол. н. Киев, 1988. 17-б.; *Журавлев А. Ф.* Восточнославянская обрядовая скотоводческая лексика и фразеология в этнолингвистическом аспекте: Автореф. дисс. к. филол. н. М., 1982. 24-б.; *Буробин А. В.* Национально-культурная специфика анималистической фразеологии русского языка: Автореф. дисс. к. филол. н. М., 1995, 14-б.
6. *Малафеева Е. Р.* Семантическая структура фразеологизмов с компонентом – зоонимом в современном русском литературном языке: Автореф. дис. к. филол. н. Л.,

1989. 16-б.; Зайченко И. Ф. Лексико-семантическая группа “названия животных” и ее фразеобразующие возможности в современном русском языке: Автореф. дисс. к. филол. н. Киев, 1983. 96-б.; Горо Мусса. Русская фразеология с компонентом названия животного мира в аспекте лингвострановедения: Автореф. дисс. к. филол. н., М., 1992. 20-б.; Фахрутдинова Ф. И. Лексическая вариантность и синонимия фразеологических единиц с компонентом – названием птицы в современном русском языке: Активные процессы в области русской фразеологии (Сб. статей). Иваново, 1984. 23-б.; Бирюкова И. К. Анималистическая фразеология русского языка: Автореф. дисс. к. филол. н. Ташкент, 1990. 22-б.

7. Молчанова А. Н. О соотношении внешних и внутренних факторов, влияющих на процесс вторичной образной номинации: Автореф. дисс. к. филол. н. М., 1981. 27-б.; Петрова Н. Д. Фразео-тематическое поле зоосемизмов в современном английском языке: Автореф. дисс. к. филол. н. Киев, 1984. 22-б.; Григорьева Г. С. Фразеологические единицы с зоонимами в аспекте теории номинации: Автореф. дисс. к. филол. н. Ростов на Дону, 1985. 21-б. Тимофеевна В. В. Семантические и коммуникативно-функциональные особенности зоосемической фразеологии в американском варианте английского языка: Автореф. дисс. к. филол. н. Киев, 1990. С. 26.

8. Сатенова С. К. Образно-фондовая основа УВ, образованных на основе зоонимов в казахском языке: Автореф. дисс. к. филол. н. 1990. 25-б.; Ахметжанова Ф. Р. Употребление зоонимов в казахском языке (на материале образных выражений): Қазақ әдеби тілі стилистикасының мәселелері. Алматы, 1987. 111–117-бб., т. 6.

9. Тоқхожаева О. Қазақ тіліндегі жан-жануарлар лексикасы: Филолог. ғыл. канд. дисс. Алматы, 1991. *

10. Подольская Н. В. Словарь русской ономастической терминологии. 2-е изд., перераб. и доп. М.: Наука, 1988. С. 187.

11. Лясота Ю. Л. Английская зоосемия. Владивосток, 1984.

12. Литвин Ф. А. Об изучении разновидностей зооморфных характеристик (на материале англ. яз.) // В помощь преподавателям ин. языков. Вып. 5. Новосибирск, 1974. С. 23-27.

13. Телия В. Н. Коннотативный аспект семантики номинативных единиц. М.: Наука, 1986. 94 С.

14. Войтик Л. С. К вопросу о смысловой структуре слова (на материале лексико-семантической группы наименований животных): Автореф. дисс. к. филол. н., А., 1975. 39 с.

15. Сәтенова С. К. Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты. Алматы, 1997. 183-б.

ҚР ҰҒА-ның Хабарлары.
Тіл, әдебиет сериясы. 2004. № 3

А.Т. ИСЛАМОВА

ШЕТЕЛ СӨЗДЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Шетел сөздерінің қалыптасуы ғылымның, техниканың, кәсіби қызметтің, мәдениет пен өнердің тарихымен тығыз байланысты. Қазақ халқының ертедегі даму тарихына көз жіберсек, көптеген елдермен үнемі тығыз байланыста болғандығын көреміз. Ел мен елдің арасындағы ежелгі достық қарым-қатынастың болғандығы ана тіліміздің сөз байлығының құрамынан да айқын байқалады. Бір халық пен екінші халық ертеде тек мал-мүлік пен киім-кешек, ыдыс-аяқ сияқты жалаң заттарды ғана алмастырып қоймаған, соған қоса рухани байлық та бір-бірінен молынан ауысқан. Әсіресе, бір тілден екінші тілге көптеген сөздер кірген.